

**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 16 қыркүйектегі № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 қыркүйекте № 35090 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы ереженің 15-тармағы 70) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 56) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітілсін.

2. "Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюер ретінде тарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 17 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18049 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Стратегиялық жоспарлау және әдіснамалық үйлестіру департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Стратегиялық жоспарлау және әдіснамалық үйлестіру департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының құрылымдық бөлімшелеріне мен аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің Ұлттық  
статистика бюросының басшысы*

*М. Турлубаев*

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика  
бюросының басшысы  
2024 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 27 Бұйрығымен  
бекітілген

**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) халықаралық стандарттарға және мемлекеттік статистика саласындағы заңнамаға сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) алғашқы статистикалық деректерді алу мақсатында жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды (бұдан әрі – байқаулар) жүргізу және адамдарды интервьюерлер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру рәсімдерінің кешенін айқындайды.

3. Байқаулар аумақтық бөлімшелер жүргізетін кездейсоқ таңдау әдісімен іріктелген респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының ерікті қатысу қағидаттарына негізделеді.

4. Респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан алғашқы статистикалық деректерді жинау статистикалық нысандарды өз бетінше толтыру және (немесе) арнайы дайындалған интервьюерлердің сауал салуы әдісі арқылы жүзеге асырылады.

5. Байқауларда алғашқы статистикалық деректерді жинауды автоматтандыру мақсатында компьютерлендірілген жеке сауал салу жүйесі (бұдан әрі – КЖСЖ), ұлттық санақтарды өткізуден басқа жағдайларда пайдаланылады.

6. КЖСЖ пайдалана отырып байқау респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына сауал салу және мәліметтерді портативті есептеуіш құрылғыға (бұдан әрі – ПЕК) электронды түрде енгізу арқылы жүзеге асырылады.

7. Қағидаларда "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) интервьюер жұмысының тиімділігі – респондент және (немесе) үй шаруашылығы үшін қойылған мақсатқа ең аз уақыт шығындарымен қол жеткізу;

2) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы – ұлттық санақтарды жүргізу кезінде интервьюерлер жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асыратын адам;

3) супервайзер – байқау жүргізу кезінде интервьюер жұмысына бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту тәртібі**

8. Аумақтық бөлімшелерде байқау жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) аумақтық бөлімшенің интернет-ресурсына интервьюерлердің бос орындарын жариялау;

2) интервьюердің бос орнына орналасуға тілек білдірген адамдардан өтінімдер қабылдау;

3) аумақтық бөлімшелердің мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қатарынан байқаулар жүргізу кезінде интервьюерлер ретінде адамдарды іріктеу үшін арнайы комиссия құру (бұдан әрі – комиссия). Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуы және үш адамнан кем болмауы керек;

4) комиссияның адамдардың өтінімдерін білімін есепке алумен (жоғары немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім немесе жалпы орта білім) жұмыс өтілі бойынша талаптарды ұсынусыз қарауы;

5) комиссияның интервьюердің бос орнына орналасуға тілек білдірген үміткерлермен әңгімелесу өткізуі;

б) интервьюер ретінде көпшілік даусымен комиссияның оң шешімін алған адамдармен өтеулі қызмет көрсету шартын (бұдан әрі – шарт) жасау. Облыс орталығынан шалғай елді мекеннен интервьюердің бос орнына орналасуға тілек білдірген адамдардан өтінімдер түскен жағдайда комиссия аумақтық статистиканың тиісті қалалық немесе аудандық бөлімшесінде қашықтықтан режимінде әңгімелесу өткізеді (бейнеконференция байланысы арқылы, ол болмаған жағдайда телефон арқылы тілдесу жолымен).

### **3-тарау. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезіндегі интервьюердің жұмысын ұйымдастыру**

#### **1-параграф. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде интервьюердің негізгі функциялары**

9. Интервьюердің негізгі функцияларына мыналар жатады:

1) мемлекеттік статистика саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу, статистикалық нысандарды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды және байқауларды жүргізуді регламенттейтін әдістемелік құжаттарды сақтау;

2) байқауларды ұйымдастыру және жүргізу бойынша оқудан өту;

3) арнайы нұсқамадан өту, байқауды ұйымдастыру мен жүргізудің барлық мәселелері бойынша ақпаратты зерделеу;

4) байқауды осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес интервьюердің куәлігін көрсете отырып, респондентке және (немесе) үй шаруашылығына бару арқылы жүргізу;

5) супервайзер дайындаған тізімге сәйкес респонденттің және (немесе) үй шаруашылығының мекенжайларын сәйкестендіру (анықтау);

6) тұрмыс деңгейі статистикасы байқауын қоспағанда, осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес байқау туралы бағдар парағын жүргізу;

7) респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына ақпараттық парақты тарату;

8) респонденттер және (немесе) үй шаруашылықтары арасында үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарын байқаудың мақсаты туралы хабардар етуді қоса алғанда, оларды байқауға тарту мақсатында жүргізу;

9) статистиканың салалары бойынша статистикалық әдіснамаға сәйкес бару күнін белгілеу (қажет болған жағдайда бару күнін респондентпен және (немесе) үй шаруашылығымен келісім бойынша интервьюер белгілейді);

10) респондентпен және (немесе) үй шаруашылығымен байланыс орнату және сауал салуға келісім алу;

11) жұмыста планшетті, аудио техниканы пайдалана отырып байқауды жүргізу кезінде сауал салуды жедел, сапалы жүргізу;

12) респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарының сұрақтарына жауапты қоса алғанда респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына консультациялық көмек көрсету;

13) респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан алынған ақпаратқа арифметикалық-логикалық бақылауды жүргізу, деректерді кодтауды жүзеге асыру;

14) қателер анықталған жағдайда, респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына қажетті деректерді нақтылау үшін қосымша бару және бару нәтижелері туралы супервайзерге хабарлау;

15) аумақтық бөлімшеге байқау нәтижелері бойынша толтырылған статистикалық нысанды уақтылы ұсыну;

16) тұрмыс деңгейі статистикасы байқауын қоспағанда, осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес сауал салуды жүргізу туралы есеп бланкісін жасау.

## **2-параграф. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезіндегі интервьюер жұмысының сапасын бақылау**

10. Интервьюердің жұмысының сапасын бақылауды және тексеруді супервайзер және (немесе) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы іріктеп қоңырау шалу жолымен және (немесе) респонденттерді және (немесе) үй шаруашылықтарын аралау арқылы жүзеге асырады.

Бір супервайзер және (немесе) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы кемінде төрт және ең көбі алты интервьюердің жұмысын қадағалайды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Интервьюер қызметіне жүргізілген байқау қорытындылары бойынша есеп ресімделеді, ол интервьюердің жұмысына ақы төлеу кезінде есепке алынады.

Интервьюердің жұмысын тексеру нәтижелері туралы есепті жасау осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген нысан бойынша жүзеге асырылады.

## **3-параграф. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезіндегі интервьюер жұмысының тиімділігі**

12. Интервьюер жұмысының тиімділігі келесі параметрлер бойынша бағаланады:

1) интервьюердің аумақтық бөлімшеге қағаз және (немесе) электрондық түрдегі бастапқы статистикалық деректерді уақтылы жеткізуі;

2) респонденттен және (немесе) үй шаруашылығынан алынған алғашқы статистикалық деректердің толықтығы және анықтығы;

3) байқауды сапалы жүргізу, есептік құжаттаманы дайындау кезінде қателердің болмауы;

4) байқауды респонденттерді және (немесе) үй шаруашылықтарын толық қамти отырып жүргізу.

#### **4-тарау. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын сақтау**

13. Интервьюердің сауал салу барысында алған деректері алғашқы статистикалық деректер болып табылады және олардың құпиялылығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

14. Интервьюер шарт жасасу кезінде алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын, сондай-ақ респондентке және (немесе) үй шаруашылығына бару кезінде алынған сауал салынған адамдар туралы басқа да мәліметтерді сақтауға кепілдік береді.

Интервьюер респондентке және (немесе) үй шаруашылығына алынған ақпараттың құпиялылығына аумақтық бөлімшемен және өзімен кепілдік берілетіні және жиынтық (жинақ) түрінде ғана пайдаланылатынын хабарлайды.

15. Интервьюерлер толтырған статистикалық нысандар байқауды ұйымдастыратын супервайзерлерге беріледі.

16. Алынған алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында толтырылған статистикалық нысандар аумақтық бөлімшенің арнайы жабдықталған үй-жайында және (немесе) "е-Статистика" ИАЖ дерекқорында сақталады.

#### **5-тарау. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды статистика салалары бойынша жүргізудің ерекшеліктері**

##### **1-параграф. Ауыл шаруашылығы статистикасы бойынша байқаулар**

17. Бір интервьюердің бір күндік жүктемесі мыналарды құрайды:

1) "Жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" нысаны бойынша (индексі А-005) – аралау үшін орта есеппен сегіз шаруашылық;

2) "Дара кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтарында және жұртшылық шаруашылықтарында мал шаруашылығы өнімдерін өндіру" нысаны бойынша (индекс А-008) – аралау үшін орта есеппен он шаруашылық.

18. Өсімдік немесе мал шаруашылығы бойынша статистикалық байқауды өткізу үшін интервьюер аумақтық бөлімшеден іріктеу әдісіне байланысты сауал салуға

қажетті респонденттердің мекенжайын және бар болған жағдайда телефондарын көрсете отырып, респонденттер тізімін немесе шаруашылыққа баруға тиісті қадам көлемі және сауал салу басталатын шаруашылықтың реттік нөмірі, елді мекендегі байқалатын үй шаруашылығының саны туралы ақпаратты алады.

Басқа жағдайда жергілікті жерлерде аумақтық бөлімше интервьюерге арналған бағдар жасайды. Алдымен кері санақ басталатын үй шаруашылығы (көше мен үй нөмірі) ерікті түрде анықталады. Содан кейін осы үй шаруашылығынан ерікті бағытта (мысалы, бір көше бойында) сауал салу басталатын тиісті реттік нөмірге сәйкес келетін үй шаруашылықтарының саны есептеледі. Нәтижесінде байқау жүргізілуі қажет бірінші шаруашылық анықталады. Сауал салуға келесі шаруашылықтар іріктеме қадамына сәйкес анықталады. Мал шаруашылығы бойынша байқау жүргізген кезде интервьюер қадам бойынша түскен ауыл шаруашылығы малдары жоқ шаруашылықтарды өткізіп жібереді, өсімдік шаруашылығы бойынша байқау жүргізген кезде интервьюер егістіктері жоқ шаруашылықтарды өткізіп жібереді. Өткізіп жібергеннен кейін іріктеу қадамы сақталады және нәтижесінде, іріктеуде мәлімделген үй шаруашылықтарының саны сұралады.

19. Есепті жылдың екінші, үшінші және төртінші тоқсандарында мал шаруашылығы бойынша байқау жүргізу кезінде есепті жылдың бірінші тоқсанында сауал салу жүргізілген сол үй шаруашылықтары сұралады.

Интервьюер іріктемеге түскен үй шаруашылығының иесімен сауал салуға келісім алмаған жағдайда немесе үй шаруашылығы байқауға қатысудан бас тартса, интервьюердің іс-қимылдарының мынадай нұсқалары қарастырылған:

1) егер іріктемеде нақты үй шаруашылықтарының тізімі қамтылатын болса үй шаруашылықтарын басқаларына ауыстыруға жол берілмейді, интервьюер бағдар парағында себебін көрсете отырып, үй шаруашылығы мүшелері болмаған немесе байқауға қатысудан бас тартқан жағдайда белгі қояды;

2) егер іріктеме елді мекендегі бақыланатын үй шаруашылықтарының саны және үй шаруашылықтарына баратын қадам мөлшері туралы ақпаратты қамтитын болса, табылмағандар немесе сауалнамаға қатысудан бас тартқандар интервьюерге бөлінген бағдардың шегінде көрші тұрғандарымен ауыстырады, нәтижесінде іріктемеде мәлімделген үй шаруашылықтарының саны сұралады.

## **2-параграф. Халықты жұмыспен қамту статистикасы бойынша байқау**

20. Бір интервьюердің жұмыс жүктемесі елу респондентті және (немесе) үй шаруашылықтарын құрайды.

21. Бастапқы статистикалық деректерді жинау халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Интервьюер респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының жасы он беске толған тек іріктемеде көрсетілген тізімдерге сәйкес мекенжайлар бойынша

тұратын,оның ішінде тұрып жатқан тұрғын үйдің меншік иелері болып табылмайтын мүшелерімен сұхбат жүргізеді.

22. Интервьюерге респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының тізімін супервайзер береді.

23. Интервьюер келесі ақпаратты респонденттің және (немесе) үй шаруашылығының назарына жеткізеді:

1) тиісті респондентті және (немесе) үй шаруашылығын кездейсоқ таңдау туралы;  
2) тиісті респонденттен және (немесе) үй шаруашылығынан ақпарат алу қажеттілігі туралы;

3) байқаудың мақсаттары;

4) сауал салуды жүргізу уақыты туралы.

24. Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасын толтыру тәртібі туралы нұсқаулығына сәйкес интервьюер сауал салуды жүргізу және респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтары жауаптарын жазу рәсімдерін қатаң сақтайды.

25. Интервьюер респонденттен және (немесе) үй шаруашылығынан келесі ақпаратты сұрайды:

1) осы мекенжайда тұрақты бірге тұратын үй шаруашылығының мүшелері туралы;

2) олар өздерінің кірістерін, мүлкін толық немесе ішінара біріктіретіндігі әлде жоқтығы және тауарлар мен қызметтерді бірлесе тұтынуы туралы.

Алынған жауап бір үй шаруашылығын құрайтын адамдарды анықтау үшін пайдаланылады.

26. Интервьюер бірінші барған кезде үйде ешкімді таппаса, мекенжайға екінші рет басқа уақытта барады. Егер бір мекенжайға әр түрлі уақытта және аптаның әртүрлі күндерінде екі рет барғаннан кейін респондентпен және (немесе) үй шаруашылығымен байланыс орнатылмаса, онда резервтік тізімнен респондентті және (немесе) үй шаруашылығын ауыстыруға рұқсат етіледі.

27. Респондент және (немесе) үй шаруашылығы объективті және субъективті себептер бойынша байқауға қатысудан бас тартқан жағдайда, резервтік тізімдерден тұрғын үй-жайлардың мекенжайларын тиісті қабатқа сәйкес ауыстыру жүргізіледі. Резервтік іріктеу жиынтығын іріктемелі жиынтықты қалыптастыру мамандары негізгі іріктемелі жиынтық құрастырылған әдіспен құрастырады.

### **3-параграф. Тұрмыс деңгейінің статистикасы бойынша байқау**

28. Интервьюер жұмысты осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес тұрмыс деңгейінің статистикасы бойынша интервьюердің жұмыс кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес жүргізеді. Кесте бастапқы статистикалық деректерді жинау мерзімін, респондентпен және (немесе) үй шаруашылығымен белгілі бір күндерде келу мүмкіндігі туралы келісімді ескере отырып жасалады және интервьюерге орындауға



беріледі. "Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі" статистикалық нысаны бойынша кестені (индексі D 003) жасау кезінде есепті тоқсан ішінде айдың әрбір екі аптасына респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының санын беске бөлу қажет (үй шаруашылықтары есепті тоқсанның екі аптасы ішінде толтырады).

29. Бір интервьюердің жұмыс жүктемесі отыз респонденттерді және (немесе) үй шаруашылықтарын құрайды.

30. Іріктеп алынған респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының мекенжайларын супервайзер интервьюерге береді. Іріктеп алынған мекенжай бойынша тұратын респонденттер және (немесе) үй шаруашылықтары, соның ішінде тұрып жатқан тұрғын үйдің меншік иесі болып табылмайтындар байқауға жатады.

31. Жыл ішінде үй шаруашылығы мүшелері болмаған кезде немесе байқауға қатысудан бас тартқан жағдайда мекенжайларды өзгерту жүргізілмейді.

32. Интервьюер статистикалық нысандарды толтыру жөнінде респонденттермен және (немесе) үй шаруашылықтарымен нұсқама жүргізеді.

33. Респонденттер және (немесе) үй шаруашылықтары өздері толтыратын статистикалық нысандар бойынша интервьюер айына бір үй шаруашылығына жиырма минут ұзақтығымен телефон қоңыраулары арқылы уақтылы және дәл толтырылуын қамтамасыз етеді. Бұл рәсім респонденттерде және (немесе) үй шаруашылықтарында туындайтын сұрақтар бойынша нысандарға жазба жүргізу және кеңес беру қажеттілігі туралы еске салуды қамтиды. Қажет болған жағдайда үй шаруашылығына қосымша бару жүргізіледі.

34. Респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан бастапқы статистикалық деректерді жинау аяқталғанда интервьюер күнтізбелік үш күн ішінде алғашқы статистикалық деректерді кодтауды жүзеге асырады.

35. Интервьюер жоспарлы ротация кезінде (жылына бір рет) тұрғын үй-жайларды алдын ала аралау кезінде осы Қағидаларға 6-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес тұрғын үй-жайларды алдын ала аралауды жүргізу туралы есеп бланкісін жасайды.

#### **4-параграф. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және туризм статистикасы бойынша байқау**

36. Бір интервьюердің жүктемесі:

1) "Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша үй шаруашылығын зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысанына сәйкес байқау бойынша (индексі Н-020) – байқау жүргізу кезеңінде орта есеппен жүз он үй шаруашылығы;

2) "Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысанына сәйкес байқау бойынша (индексі Н-050) – байқау жүргізу кезеңінде орта есеппен жүз отыз үй шаруашылығы.

37. Іріктемелі байқау сауалнамаларын интервьюерлер Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне сәйкес оларды толтыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жылына бір рет сұралған респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының мүшелерінің сөздерінен толтырады.

38. Байқау барысында алғашқы статистикалық деректерді жинауды интервьюерлер байқау жүргізу үшін таңдап алынған үй шаруашылықтары мекенжайларының тізімдеріне сәйкес және интервьюердің бағдар парағымен жүргізеді.

39. Үй шаруашылықтарының тізімдеріне сәйкес мекенжай бойынша тұратын адамдар, оның ішінде тұрып жатқан тұрғын үйдің меншік иелері болып табылмайтын тұлғалар байқауға жатады.

40. Іріктеп алынған мекенжайда үй шаруашылығының мүшелері болмаған жағдайда , интервьюер осы мекенжайға қосымша бірнеше рет (кемінде екі рет) барады. Егер қосымша барғаннан кейін үй шаруашылығының мүшелері болмаса, онда интервьюер бұл туралы супервайзерге үй шаруашылығын резервтік тізімнен ауыстыру қажеттілігі туралы шешім қабылдау үшін хабарлайды.

41. Үй шаруашылығы мүшелерін байқаудың үш нұсқасы бар:

1) жеке сұрақнаманы толтыру үшін үй шаруашылығының әрбір мүшесін байқау;

2) үй шаруашылығының әрбір мүшесіне қатысты сұрақтар бойынша үй шаруашылығының басшысын байқау;

3) үй шаруашылығының барлық мүшелерінің сұрақтарына жауап беретін үй шаруашылығының бір мүшесін кездейсоқ таңдау.

42. Статистикалық нысан отбасының алты жастағы және одан үлкен барлық мүшелеріне толтырылады. Интервьюер олардың әрқайсысына реттік нөмір береді. Егер үй шаруашылығындағы сұралатындардың саны "Үй шаруашылығының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы жөніндегі зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысаны бойынша бес адамнан асып кеткен жағдайда, онда интервьюер титулдық беттерінде "Жалғасы" деген сөз жазылған екіден астам статистикалық нысанды толтырады.

Бұдан басқа, үй шаруашылығының әрбір мүшесі бойынша "Үй шаруашылығының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы жөніндегі зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысанының қосымшасына сәйкес жеке сұрақнаманы толтыру қажет.

43. Байқау сауалнамаларында өрескел қателер анықталған жағдайда, интервьюер қажетті деректерді нақтылау үшін үй шаруашылығына қосымша барады және супервайзерге бару нәтижелері туралы хабарлайды.

**4.1-параграф. Резидент еместерге сауал салуды жүргізу негізінде туризм статистикасын байқау**

44. Байқау өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге он сегіз жасқа толған жеке тұлғалардың (резидент еместердің) анонимді және ерікті қатысуы қағидаттарына негізделеді.

45. Байқауды ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі мақсаты туризм статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру үшін қажетті алғашқы статистикалық деректерді алу болып табылады.

46. Интервьюер келушілердің (резидент еместердің) жеке сауал салуларына негізделген кездейсоқ іріктеу әдісін пайдалана отырып ақпаратты жинайды.

47. "Келушілерді зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысаны (индексі Н-060) бойынша бір интервьюердің жұмыс жүктемесі байқау кезеңінде орташа есеппен жүз қырық резидент еместі құрайды.

48. Байқау Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне сәйкес жылына екі рет өткізу пункттерінде жүргізіледі.

49. Келушілер (резидент еместер) Қазақстан Республикасынан кету кезінде әуежайларда, теміржол вокзалдарында, автостанцияларда және автомобиль өткізу пункттерінде байқауға жатады.

50. Резидент еместермен сауал салуды жүргізу кезінде интервьюерлердің шет тілдерін білуі, ағылшын тілін жақсырақ білуі жөн.

51. Туристік сапар ретінде қарастырылатын келу сапары мынадай талаптарға жауап береді:

1) оның аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасының шегінде жүруіне;

2) тұруы он екі айдан аспауы керек (егер адам он екі айдан көп тұратын болса – осы аумақта тұратын жергілікті тұрғын немесе резидент);

3) уақытша болатын елде (жерде) ақылы қызметтің болмауы.

#### **6-параграф. Қылмыс статистикасы бойынша байқау**

52. Тәулігіне бір интервьюердің жүктемесі төрт респондентті және (немесе) үй шаруашылықтарын, іріктеу көлемі он сегіз мың бес респондентті және (немесе) үй шаруашылықтарын құрайды.

53. Бастапқы статистикалық деректерді енгізу және өңдеу өңірлік деңгейде, ал жиынтық деректерді өңдеу, бақылау және статистикалық байқау нәтижелері бойынша шығыс ақпаратты қалыптастыру орталық деңгейде жүзеге асырылады.

54. Байқау халықты бақылау және статистикалық нысандарға мәліметтерді жазу арқылы жүзеге асырылады. Байқау респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына бару арқылы арнайы дайындалған интервьюерлермен сауал салуды жүргізу әдісі арқылы жүзеге асырылады.

55. Іріктемелі байқау жүргізу кезінде он бес жастан сексен жасқа дейінгі үй шаруашылығының бір мүшесі сұралады. Үй шаруашылығында бірнеше респондент

тұратын болса, сауал салуға респондентті таңдау "туған күннің ең жақын күні" әдісі бойынша жүзеге асырылады (туған күні жақын кезеңге келетін респондент және (немесе) үй шаруашылығының мүшесі таңдалады).

56. Интервьюер бірінші барған кезде респондент болмаса, басқа уақытта осы мекенжайға екінші рет барады.

57. Іріктемелі байқау сауалнамаларында өрескел қателер анықталған жағдайда интервьюер қажетті деректерді нақтылау үшін респондентке және (немесе) үй шаруашылығына қосымша барады және супервайзерге бару нәтижелері туралы хабарлайды.

58. Байқау кезінде тұрғын үй табылмаған, үй-жайдың нысаналы мақсаты өзгертілген, қоныстанбаған, немесе респондентжәне (немесе) үй шаруашылығы байқауға қатысудан бас тартқандықтан респондентпен және (немесе) үй шаруашылығымен сауал салуды жүргізу мүмкін болмаған жағдайлар болады. Бұл жағдайлар іріктеме көлемін азайтады және іріктеудің ықтимал ауытқу көзі болып табылады.

59. Деректерді алмау проблемасын еңсерудің тиімді алдын алу шарасы әрбір жағдайды интервьюердің бағдар парағына сәйкес құжаттау болып табылады.

60. Егер "алмастыруға болмайды" қағидатын орындауда қиындықтар туындаса, резервтегі респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының тізімі ұсынылуы тиіс.

61. Резервтік тізімнен респондентті және (немесе) үй шаруашылығын іріктеп алу және ауыстыру осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген себептер бойынша байқауға қатыспаған респонденттің және (немесе) үй шаруашылығының мекенжайынан неғұрлым жақын респондентті және (немесе) үй шаруашылығын анықтау арқылы жүзеге асырылады.

#### **7-параграф. Ұлттық санақтарды өткізу барысындағы байқаулар**

62. Ұлттық санақтарды өткізу кезеңінде бір интервьюерге жүктелетін жүктеме хронометраж байқауының негізінде, интервьюерлерді байқауларды өткізуге дайындау үшін қажетті, қозғалысы, демалысы және жеке қажеттіліктерінің уақытын есепке ала отырып белгіленеді.

63. Санақ басталғанға дейін игерілген материалды міндетті тексере отырып, интервьюер санақты өткізу бойынша оқытудан және "Санақ" мобильдік қосымшасымен ПЕҚ-да жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өтеді.

64. Интервьюер өзінің учаскесінің шекарасын зерделейді, қажет болған жағдайларда учаскенің шекарасы ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушымен және шектес учаскелердің интервьюерлерімен бірге аралап шығу арқылы нақтыланады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.02.2025 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Интервьюердің міндеті өзінің санақ учаскесіндегі барлық респонденттерді есепке алу және санақ парақтарының сұрақтарына респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан толық және анық жауаптарды алу және планшетке енгізу.

66. Санақ парақтарын планшетті немесе қағаз жеткізгішті (планшеттерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда) пайдалана отырып, интервьюер толтырады. Қағаз жеткізгіште толтырылған бұдан әрі планшетке енгізілген санақ парақтары ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушыға берілуі тиіс.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.02.2025 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Тұрғылықты жері бойынша үй шаруашылығы болмаған немесе тұрғын үйлерге ( пәтерлерге) кіру мүмкін болмаған жағдайда интервьюер респонденттерге санақтан өтуге болатын нұсқаушы учаскесінің мекенжайы, сондай-ақ сауал салуды жүргізу күні мен уақытын келісу үшін интервьюердің байланыс телефоны көрсетілген ақпараттық хатты пошта жәшігіне қалдыруы қажет.

68. Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы белгілеген күні интервьюер бақылап аралауға қатысады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 28.02.2025 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жалпы мемлекеттік  
статистикалық байқауларды  
және ұлттық санақтарды  
жүргізу кезінде адамдарды  
интервьюерлер ретінде тарту  
және олардың жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Куәлік/Удостоверение № \_\_\_\_\_

Берілді **«Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар  
агенттігі**

**Ұлттық статистика бюросының**

**«Статистика департаменті» РММ**

(Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика  
бюросының аумақтық бөлімшесінің атауы)

Выдано РГУ **«Департамент статистики»**

**Бюро национальной статистики**

**Агентства по стратегическому планированию  
и реформам Республики Казахстан»**

(Наименование территориального подразделения Бюро  
национальной статистики АСПР Республики Казахстан)

Тегі/Фамилия \_\_\_\_\_

Аты/Имя \_\_\_\_\_

Әкесінің аты/Отчество (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Лауазымы/Должность \_\_\_\_\_

М.О./М.П.

Басшы/Руководитель \_\_\_\_\_

Қолы/Подпись \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/Ф.И.О. (при его наличии)

Берілген күні/ дата выдачи \_\_\_/\_\_\_/\_\_\_ жыл/год  
Дейін жарамды/ Действителен \_\_\_/\_\_\_/\_\_\_ жыл/год

Жалпы мемлекеттік  
статистикалық байқауларды  
және ұлттық санақтарды  
жүргізу кезінде адамдарды  
интервьюерлер ретінде тарту  
және олардың жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Интервьюердің бағдар парағы № \_\_\_\_\_ (аумақтық статистика бөлімшесі толтырады)

Аумақтың (елді мекеннің) атауы \_\_\_\_\_

ӘАОК бойынша елді мекен коды (аумақтық статистика бөлімшесі толтырады)

Интервьюер куәлігінің нөмірі, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

(аумақтық статистика бөлімшесі толтырады)

Байқаудың атауы \_\_\_\_\_

№	Үй шаруашылығы №. (ш/к, ЖСН, пәтер коды, тұрғын үй қоры тіркелімі)	Мекенжайы	Нәтиже	
			респондент және (немесе) үй шаруашылығынан сауал алынды күні	респондент және (немесе) үй шаруашылығынан сұралмады (себебін қысқаша көрсетіңіз)

Толтырған адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

Қабылдаған адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

### Сауал салуды жүргізу туралы есеп бланкісі

нысаны бойынша \_\_\_\_\_ айы 20 \_\_\_\_\_ жыл

№	Үй шаруашылығы № (пәтер коды, тұрғын үй қоры тіркелімі, шаруа қожалығы, ЖСН)	Респондент және (немесе) үй шаруашылығының мекенжайы (нақтыланған мекенжай)	Телефоны (нақтыланған телефон)	Респондент және (немесе) үй шаруашылығынан сауал алынды (күні)	Респондент және (немесе) үй шаруашылығынан сауал алынбады		
					телефон немесе мекенжай қате	бас тарту	басқа

Толтырған адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

Қабылдаған адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

Жалпы мемлекеттік  
статистикалық байқауларды  
және ұлттық санақтарды  
жүргізу кезінде адамдарды  
интервьюерлер ретінде тарту  
және олардың жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу бойынша интервьюер жұмысын тексеру нәтижелері туралы есеп** \_\_\_\_\_

Мен, \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы),  
интервьюер \_\_\_\_\_ (интервьюердің Т.А.Ә. (бар болған  
жағдайда), жеке куәліктің № \_\_\_\_ ) \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ аралығында  
статистикалық

байқаулар жүргізу бойынша \_\_\_\_\_ жұмысын тексеруді өткіздім.

**Тексеру мынадай мәселелер бойынша өткізілді:**

- 1) респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына белгіленген мерзімдерде барады ма;
- 2) байқау нұсқаулыққа, түсіндірмеге сәйкес жүргізіледі ме;
- 3) статистикалық нысандарды толтыру техникасы бойынша нұсқаулар сақталады ма ;
- 4) статистикалық нысанға енгізілген мәліметтердің анықтығы және толықтығы.

**Тексеру нәтижелері**

1. Респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына бару белгіленген мерзімде

жүзеге асырылады/жүзеге асырылмайды (қажеттісінің астын сызу).

2. Байқау нұсқаулыққа, түсіндірмеге сәйкес/сәйкес емес (қажеттісінің астын сызу) жүргізіледі.

3. Статистикалық нысандарды толтыру кезінде толтыру техникасы бойынша нұсқаулар

сақталады/сақталмайды (қажеттісінің астын сызу).

4. Статистикалық нысанға енгізілген мәліметтердің анықтығы және толықтығы расталды/ расталмайды (қажеттісінің астын сызу).

**Тексеру нәтижелері және ағымдағы жұмыс бойынша ұсынымдар**

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_









\* қажет болған жағдайда байқаулардың (нысандардың) қажетті саны үшін жолдар қайталанарды.

Жалпы мемлекеттік  
статистикалық байқауларды  
және ұлттық санақтарды жүргізу  
кезінде адамдарды  
интервьюерлер ретінде тарту  
және олардың жұмысын  
ұйымдастыру қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Алдын ала аралау жүргізу туралы есеп бланкісі халықтың тұрмыс деңгейін статистикалық зерттеу бойынша 202\_ жылғы қараша-желтоқсан айы**

№	Ү й шаруашылығының № (пәтер коды)	Ү й шаруашылығының мекенжайы	Ү й шаруашылығына барған және сауал салу күні	Аралау және сауал салу нәтижесі*
---	-----------------------------------	------------------------------	---	----------------------------------

Интервьюердің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

— Супервайзердің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы \_\_\_\_\_

Ескертпе:

\* "Аралау және сауал салу нәтижелері" бағанын толтыру жөніндегі нұсқаулық:

Мынадай кодтар қойылады:

"1" - келісті;

Бас тартқан жағдайда мынадай кодтар қойылады:

"2" – үзілді-кесілді бас тарту (сенімсіз);

"3" - денсаулығына байланысты бас тарту;

"4" - уақыттың жетіспеушілігіне байланысты бас тарту;

"5" - көшу жоспарлануда;

"6" - әлеуметтік төлемдер алуына байланысты;

"7" - мемлекеттік қызметшілер;

"8" - тұрғын емес;

"9" - мекенжай табылмады;

"10" - есік ашпады.